

**Филологияғылыми зарынын докторы, профессор С.Б. Ержанована**  
**«6Р020500 – Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дөрежесін алу үшін дайындалған**  
**Сұлтанғалиева Ольга Қашымқызының «Тауелсіздіктен кейінгі кезеңдегі казак поэзиясындағы ұлттық мінездің тақырыбындағы диссертациялық жұмысына**  
**ЖАЗБАША ПКІРІ**

Р/Н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбынын (бекітілгенде) ғылымиң даңу бағыттарына және немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымиң даңу бағыттарына және немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен жарылдырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен номірі);      2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)      3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым даңуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>«Тауелсіздіктен кейінгі кезеңдегі казак поэзиясындағы ұлттық мінездің тақырыбында орындалған диссертация Қазақстан Республикасының төмөндегідей мемлекеттік бағдарламаларына сәйкес дайындалған.</p> <p>1) Қазақстан Республикасында тіл саясатын іске асырудын 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (КР Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы №1045 каулысы);      1) Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудын 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (5.3.5 Қазақстаниң тарихи-мәдени мұрасы және рухани құндылықтары. 5.3.6 тарих пен мәдениеттің, адебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортастыры. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 каулысы);      3) «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламасы (1. Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт. 5. Дала фольклоры мен музыкасының мың жылды. 21.11.2018 ж.).      4) Қазақстан Республикасы Үкіметі жаңындағы ЖФТК бекіткен ғылым даңуының 5. «Мәңгілік ел» ғылыми нетіздері (XXI ғасырда білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және колданбалы зерттеулер. 27.04.2016 ж.).</p>
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>косады</u> /коспайды, ал онын маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаган.	<p>Диссертант О.Қ.Сұлтанғалиева өз зерттеуі қазіргі казак поэзиясы ғылымина елеулі үлесін көсіп, тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі казак поэзиясындағы ұлттық мінездің арқылы толық ашкан. Тауелсіздіктен кейінгі кезеңдегі казак поэзиясындағы ұлттық мінездің салыстырмалы талдау арқылы орындалған және диссертациялық жұмыс казак адебиеттанды ғылымында поэзия жанрының даңуына өзіндік септігін тигізеді. Диссертациядағы ғылыми пайымдаулар мен тұжырымдар тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі поэзиянандағы қаһарман мінездің ашуада жана деңгейге көтереді, бұл кезеңдегі ақындар поэзиясына нақты образдылық пен поэтикалық ойлау белсенділігі тән болып келетіндігін тәжірибеде колдану үшін теориялық және практикалық үлесін косады.</p> <p>“Ұлттық сипат” ұғымының қалыптасу тарихының тамыры теренде жатыр. Сонау ежелгі заманнан бүгінге дейін бұл ұғымның жалпыланып кеткені соншалық алі күнге дейін нақты қалыптаскан, біртұтас пайымдаулар жок. Бірақ жеке тұлғаның даңуында-адамзат, ұлттық сипаттагы сана, адамгершілік</p>

			<p>мәдениет, мінез-құлым және әлеуметтік психика мәселесінде бұл тақырып біршама сараланып отыр. Соның ішінде «ұлттық сипат» категориясы алғаш рет ежелгі грек философы, (Аристотельдің ізбасары болған) Теофрастың бастамасымен адамдарды адамгершілік касиеттеріне карай бағалаудағы зерттеулерінде сөз болады. Артынша парсылардың жауынгерлік мінездің талдауда және жеке тұлғаны зерттеуде ұлы ойшылдар - Ксенофонт, Платон белгілі бір халықта тән жеке белгілердің болатынын және олар нақты жагдайларға байланысты өзгеретінін жазады. Ол өзгеріс адамдарға мемлекеттің басқару үдерісімен келетініне тоқталады да әр мемлекет адамдардың әр түрлі ішкі өзгерісін тудыратынын айтады. Эрине бұл ұлттық мінезді екшелеп айтпаса де соган жақын талпыныс еді. Өйткені, антикалық дәуірде нақты ұлт болмағандықтан «ұлттық мінез» туралы айтудың өзі киын еді. Бұл мәселе тек Еуропа өндірісінің капиталистік қатынасы кезеңінде ғана сез бола бастады. Н. Бердяевтің (Бердяев Н.А. Судьба России: Опыты по психологии войны и национальности. М.: Сов. писатель, 1990. 351с.) пікірінше, әр түрлі халықтар арасындағы санасында және өзін-өзі тануында Наполеон соғысы ұлттық соғысты оятып кана коймай, әр түрлі халықтардың ұлттық сипатын дамытудағы қозгаушы күші болды. Кез-келген когамдағы беліністер сол уақытта өмір сүрген адамдар санасына міндетті түрде өзгерістер мен толыктырулар алып келеді. Еліміздің тәуелсіздік алған жылдары да халкымыз, бұрын баға жетпес құндылықка ие болған нәрсенің бакырлық бағасы жоғын көргенде, өзің қажетсіз санаған заттың адам айтса, нанғысыз құндылық екенін танығанда, піндеуі өмірдегі жанның санасы сарсанға түскенін көрдік. Жеке тұлғаның жаңа мазмұнға бейімделуі не көрініше оған деген кайшылығы ішкі әлемдегі күйзелісті жайып салды. Ұлт санаындағы өзінің өткен тарихына мән беру, терен бойлау, тұмша тамырына кайта оралу сияқты ұлттық сипаттағы қозғалыстар шығармашылық иелерінде көзінен етек алды. Азаттық үшін арпалыс пен еркіндік үшін құрестерге толы рухты жырлар мен кайтпас мінезді танытатын тұлғаларды өмір сахнасына шыгарды (М.Шаханов, Т.Медетбек, ИранГайып, М.Ақдәулетов, т.б.).</p> <p>Диссертациялық жұмыста зерттеу жұмыстары ғылымға елеулі үлесін қосып, маңыздылығы ашылған.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b><u>жоғары</u></b>;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) тәмен;</li> <li>4) өзі жазбаған</li> </ol>	<p>Диссертанттың өзі жазу деңгейі жоғары, академиялық жазу қағидаттары мен стилін менгерген, өзіндік сыйни пікірі бар, ғылыми тілі жатық. Өзінің жеке пайымдауларын бере отырып ғылыми ережелерді тұжырымдап, зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдей алған. Диссертанттың коргауға ұсынып отырған тұжырымдары – зерделеген және жариялаган жұмыстарының нәтижесі болып табылады.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негізdemесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b><u>негізделген</u></b>;</li> <li>2) жартылай негізделген;</li> <li>3) негізделмеген.</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толығымен негізделген (5-7 беттер). Тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі қазақ поэзиясындағы ұлттық мінезді зерттеу – толық зерттелмеген тың тақырып. Әсіресе диссертациялық зерттеудің тақырыбы әдебиеттану ғылымы үшін, когамымыздың мәдени- әлеуметтік</p>

		<p>дамуы үшін ең өзекті мәселелердің бірі.</p> <p>Халқымыз өз кеңістігінің табиғат зандарына икемделген төзімді мінезімен табиги бірқалыпты өмір сұру жағдаяттарына тән еркіндігі, ұстамдылығы мен батыл да батыр, терең рухани танымдық ішкі жан әлемімен өзгешеленетін ұлттық образын қалыптастырып отыр. Әрбір лирикалық жырларда атойлап шығатын халықтық дүниетаным оның темпераменті және мінезі, этностереотиптері, имани сезімдері, мұddeлері мен дәстүрлері, әдет-ғұрыптары тұтастай жылып жеке тұлғалық болмысты жасайды. Ұлттық сипатты оның ішінде ұлттық мінез мәселесін тікелей зерттеудің өзі киындық тудыратынын кей ғалымдар Кон, И. С. Ю: Бромли, А. Дащдамиров, Ю. Борев, А.Байтұрсынов, М.Әузөзовтер атап етіп, әдеби талдауда оны тек философиялық және психологиялық тұрғыда қарастыру керек екендін дұрыс бағамдай білді. Ұлттық кейіпкер болмысын, мінезін ең алдымен ұлттық сипаттағы мәселенің поэтикалық аспектілері өзектендірілуі керек екенін және оның басқа ұлттық сипатта қалай бейнеленген, белгілі бір шыгарманың көркемдік жүйесінде немесе белгілі бір суреткердің, мектептің, бағыттың, әдістің көркемдік әлемінде қандай ұлттық сипаттагы құндылықтар бар екендігіне мән берді. Кейіпкер дүниетанымы оның қандай да бір ұлттық сипаттағы табиғатты танытуға бағытталған белгілерден тұратынына басымдық танытады. Ұсынылып отырған тақырыптың, жеткілікті зерттелмеген, бұл гылыми жұмыстың өзектілігін танытады.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды</p> <p>1) <u>айқындауды;</u></p> <p>2) жартылай айқындауды;</p> <p>3) айқындаамады</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны диссертация тақырыбын толық айқындауды және коргауға ұсынылып отырған тұжырымдар зерттеу жұмысының мазмұнына сай жүзеге асырылған (8-10 беттер).</p> <p>Диссертация тақырыбы да, оның ішкі мазмұны да тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі казақ поэзиясындағы ұлттық мінезді ашуға бағытталған.</p> <p>Адамзат рухының мәнін және оның әлемдегі орнын саралау, ішкі зандылықтарын айқындау және халықтың рухани немесе идеалды қызметінен сыр іздеуге деген құлшының күшіне түсті. Мұның түбінде жатқан бұлжымайтын тіректі ұлттық менталитеттен іздейтін пайымдарға карасак, шындығында ұлт мәдениеті мен ұғымында үздіксіз үзілмей не көрінбей тек танымдық деңгейде ғана іске асатын белгілі бір зандылыққа құрылған қағидалардың бар екенін сезізді. Ұлт мінезінің белгілі бір жиынтық мінезін құрайтын ерешелікті менталитетке жатқызамыз. Сол ұлт мінезінің қайнар көзі - ұлттық менталитеттің этнопсихологиялық зерттеулерінің көптігіне қарамастан (Кант, Г. Гегеля и Ф. Шеллинга, Вунд) оны ұлттың психологиялық ерекшелігінің бірі ретінде тану, накты бір ұлтка тән өзгеріс, бұлжымайтын зандылық, бұлтартпайтын дәлділік ретінде қарастыру тиімді. Ешбір өзгеріске түспейтін қасиеттің бірі ұлттық менталитет болса мұның өзі ұлттың алғашкы дүниетанымдық қабылдауларында жатқан белгілердің дауірлер белесінде сол мазмұнға сай қайталанып отыратын құндылығында болса керек. Оны бір сөзben ұжымдық санада жатқан негізгі идеялар жиынтығы десек те болады. Ұлттық менталитетті ұлттың қалыптасуында, құрылымында (тек, қан, топырак</p>

		<p>ягни Отан, туған жер және әлеуметтік деңгейлердегі болмысын іздеу) және психикалық жағдайын танытуда өте маңызды рөл атқарады. Ұлттық менталитетте көрінетін ұлттық міnez нақты ұлттың этнопсихикалық ерекшелігі, мәдени және оның тарихи дамуындағы орны мен рөлінің маңыздылығын танытса керек. Тәуелсіздік тұсындағы казак поэзиясындағы ұлттық міnez сипаты әр түрлі, соны тақырыптар, мотивтер, образдар деңгейінде көрінетінін атап өтуге болады. Ұлттық міnezді танытатын халық өмірінің жәй қарапайым тұрмысынан бастап, халық ұғымындағы Ұлы дала кеңістігі, еркіндік, адамдардың міnez-құлкында және өмір идеалын түсінуде көрінетін ділі мен діні, тілі, шыдамдылық пен кішіпейілділік, мейірімділік пен ізгілік, коңақжайлышы т.б. касиеттері ұлттық болмысты танытуши қызмет аткарып келді. Тәуелсіздік тұсындағы казак поэзиясында ұлттық ойлаудың ерекшеліктері ақындарымыздың көркемдік бейнелерінде, түркілік, ұлттық наимыс, ұлттық мұdde, дүниетанымдық көзқарасында, ұлттық рухты насиҳаттау мотивтерінде көнінен ашылады. Туған жер, кара шаңыракта қоңыр күй кешкен казактың қоңыр міnezді қарапайымдылығы мен қоңыр әуезді үнінің құлакка жағымдылығы, кең, еркін даладагы қоңыр желдің саялығында бабалары мекендереген кеңістікті дәріптеу, сол кездеңі макамды ( жыраулық мектеп) жанғырту, бабалар рухынан шабыт алу, тегіне оралу, іздеу тағы басқа айшықты орамдар ұлттық құндылықтарды ғана емес ұлттық міnezдің айшықты белгілерін айқындауга мүмкіндік береді. Түркі текстес халықтардың өзі көп колдана бермейтін бұл түстің кең даладай ашық да жарын қазақ бейнесінің табигат кеңістігінің символы ретінде айқындалады. Ұлттық дүниетаным, ойлауы мен сезінүін тылсым дүниелермен астастырған көшпелі халық міnezінің көркемдік жиынтығы тәуелсіздік тұсындағы ақындардың Ұлы Дала табиғатын, тағдырын, тарихын жырлаган жырларынан байқауға болады. Демек, жер шары деп аталатын кеңістікте өз нүкtesін тауып аспан мен жер арасындағы құбылыстарды өз үлесіміне келтіре алған сол жұмбак әлем зандылығымен өмір сүріп отырган әрбір ұлттың міnezін танытатын менталитет мазмұнның аумагы кеңіп, нақты қызметтері айқындала бермек. Қазіргі кезде менталитеттің әлеуметтік-психологиялық ерекшелігін зерттеудің өзектілігі ұлтаралық қатынастардың шиеленісімен, өзін-өзі тану мен мәдени дамудагы кейір дағдарыска да байланысты. Зерттеушілердің этникалық айырмашылықтар психологиясы, менталитет және этносаралық түсінік мәселесіне деген қызығушылығы қазіргі шындықтың шұғыл қажеттіліктерінен туындейды. Өз халықының этникалық ерекшеліктерін түсіну, басқа халықтардың мәдениеті мен құндылықтарына деген қызығушылық әртүрлі мәдениеттердің тендігін, әр халықтың тарихи дамудагы орны мен рөлінің маңыздылығын түсінуге ықпал етеді, мәдениетаралық қарым-қатынас пен қарым-қатынастың өзара сыйластық принциптерін дамытуға, этносаралық кедергілерді женуге көмектеседі. Осы мәселелерді қарастыра отырып диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындаған.</p>
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыбына толығымен сәйкес

	<p>сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>сәйкес келеді</u>;</li> <li>2) жартылай сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді</li> </ol> <p><b>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толық байланысқан</u>;</li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жок</li> </ol> <p><b>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қагидаттар, әдістер) дәлледеніп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>сыни талдау бар</u>;</li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</li> </ol>	<p>келеді, жұмыста нақты тұжырымдалған және іздену барысында диссертант қойылған мақсат-міндеттерге толық кол жеткізген.</p> <p>Диссертант мінез категориясы, жалпы көркемөнердің ұлттық сипаты сияқты, тарихи өзгерістерге ұшырап отырганымен тұрактылығымен ерекшеленетіндігін көрсетеді деп пайымдайды және осы ғылыми пайымдауларын жұмыста дәлледейді.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың құрылымы кіріспеден, үш бөлімнен, корытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Зерттеу жұмысында диссертант аталған бөлімдердің мазмұнын логикалық жағынан байланыстырган және жүйелі түрде берген.</p> <p>Диссиденттың өзіндік пікірін білдіретін сынни талдау бар. О.Қ.Сұлтанғалиева ұсынЫП отырган жаңа шешімдер, қагидаттар мен әдіс-тәсілдер диссертациялық жұмыста дәлледеніп, тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі казак поэзиясындағы ұлттық мінездің теориялық және әдіснамалық негіздері, қазіргі кезең поэзиясындағы ұлттық мінездің зерттелуі, олардың өзіндік ерекшелігі, казак поэзиясындағы ұлттық мінез көрінісі тұрасында айтылған өзге ғалымдардың пікірлері сынни тұрғыдан салыстырылып бағаланған (32, 38, 41, 59, 62 беттер).</p>
5.	<p>Ғылыми жаңашылдық принципі</p> <p><b>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қагидаттар жаңа болып табыла ма?</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толығымен жаңа</u>;</li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol> <p><b>5.2 Диссертацияның корытындылары жаңа болып табыла ма?</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толығымен жаңа</u>;</li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol> <p><b>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толығымен жаңа</u>;</li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol>	<p>Диссертацияның ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары толығымен жаңа. Ізденуші өзіндік тұжырымдары мен нәтижелерін ғылыми басылымдарда жариялаған. КР ЕжЖБМ-нің ғылым және жоғары білім саласындағы сапанды қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымда 5 макала, халықаралық ғылыми конференцияларда 4 макала, ғылыми журналда 1 макала басылуымен расталады.</p> <p>Зерттеуде алынған корытындылар толығымен жаңа.</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Тәуелсіздік кезеңіндегі казак поэзиясындағы ұлттық мінездің пайда болуы мен қалыптасуын теориялық тұрғыдан анықтайды.</li> <li>2. Тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі казак поэзиясы өкілдерінің шығармаларындағы ұлттық мінездің сипатталуын қоғамдық-әлеуметтік жағдайға қатысты қарастырылады деп негіздейді.</li> <li>3. Қазіргі казак ақындарының поэзиясы ұлттық сипатымен, ұлтжандылық қасиетімен, терен ұлттық мазмұнымен ерекшеленеді деп көрсетеді. (63 бет).</li> </ol> <p>Диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін колданылатын техникалық, экономикалық немесе басқару шешімдері толығымен жаңа және негізделген (99-105 беттер).</p> <p>Тәуелсіздік дәуіріндегі казак поэзиясындағы ұлттық мінездің көрініс табуына әсер еткен саяси-идеологиялық, тарихи, қоғамдық-әлеуметтік алғышарлар айқындалуы; қазіргі казак поэзиясындағы ұлттық-мәдени концептілердің талдануы ғылыми зерттеудің басты жаңалығы болып саналады.</p>

6.	Негізгі корытындылардың негізділігі	Барлық корытындылар ғылыми тұрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген</b> негізделмеген (qualitative research және онертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Барлық корытындылар, негізгі пайымдаулар мен тұжырымдар ғылыми тұрғыдан қараганда ауқымды дәлелдемелерде негізделген және эмпирикалық зерттеудердің иттихажелерінен туындаиды.
7.	Коргаута шыгарылған негізгі кагидалтар	<p>Әр кагидал бойынша келесі сұраптарға жауап беру кажет:</p> <p>7.1 Кагидал дәлелдені мә?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>далелденді;</b></li> <li>2) шамамен дәлелденді;</li> <li>3) шамамен дәлелденбеді;</li> <li>4) дәлелденбеді</li> </ol> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) ия;</li> <li>2) <b>жок</b></li> </ol> <p>7.3 Жана ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>ия;</b></li> <li>2) жок</li> </ol> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) тар;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) <b>көн</b></li> </ol> <p>7.5 Макалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>ия;</b></li> <li>2) жок</li> </ol>	<p>Диссертация негізінде ұсынылған әрбір кагидал нақты дәлелдермен ұсынылған, тривалды емес, әрбір кагидал – жана, әрі қолдану деңгейі ауқымды, көн, диссертациялық жұмыстың тұжырымдары мен иттихажелері макалаларда көрініп тапкан:</p> <p>Коргаута ұсынылған негізгі тұжырымдар:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) Берілген анықтамаларды талдай келе, өз таратынан ұлттық мінез маселелеріне мыналай аныктама ұсынады: Ұлттық мінез – әдеби шығармадағы кейінкердің ұлттық сипаттымен ерекшеленген мінезділімі, оның белгілі бір халықтың екілі екендігін таныттының психологиялық және ойлау, сейлеу езгешелігі. Ұлттық мінез – тарихи категория. Ол көгамдық, рухани, экономиялық және саяси жағдайларға сәйкес қалыптасады. Дүниені ұлттық түсінікпен кабылдау жолы онерде, әдебиетте адам бейнесінен толық көрініп тұрады. (9 бет).</li> <li>2) Ұлттық мінез – каламгер шығармаларынан көрінетін қазақ халқының бойындағы қасиеттер, ұлт екілі ретінде басқа халықтардан езгешелігімен айқындалатын, өзінің ұлттық менталитетін таныттын, салт-дастур, сана-сезім, жөн-жора, әдеп-ғұрыптарымен көрінетін ерекшеліктері. (57-60 беттер).</li> <li>3) Әр ұлттың өзіне тән айырмашылығын, елдік негіздерін айқындастырын болмысы, дәстүрі, ұлттық мінезі, ұлттық танымы мен сипаты, ұлттық намысы, ұлттық мұддесі, ұлттық психологиясы мен өзіндік санасы, ұлттық рухы сол халық пайда болғаннан бастап қалыптасады деп мысалдармен дәлелдеп көрсетеді. (62-69 беттер).</li> <li>4) Ақындар өлеңдерінің кай-қайсысында болмасын қазақ іс-әрекет, қазаки бейне танылып отырады. Мұның өзі ақынның дала сырына төрөн үніліп, оны өз шығармашылығына шеберлікпен астастыра білгенін танытта түседі. Дала, тау бейнелері де ұлттық болмыс пен рұхты, тыныс-тіршілікті таныттының символдық сипаттымен көрінеді деп негізделген дәлелдейді (83-84 беттер).</li> </ol>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған акпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің тандауы негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <b>ия;</b></li> <li>2) жок</li> </ol>	<p>Диссертациялық жұмыстың әдістемесін тандау сапалы негізделген, колданылған зерттеу әдістері диссертациялық жұмыстың сәйкес тарауында нақты сипатталған (8 бет).</p> <p>Зерттеуде жалпы ғылыми әдістер – дедуктивті, бакылау, талдау; әдебиеттану әдістер: мәдени-тарихи әдісі, салыстырмалы-тарихи әдісі, тарихи-типологиялық әдісі, нарративті әдіс, герменевтикалық әдіс; көркем концептті анықтау әдістері: салыстырмалы әдіс, ассоциативтік талдау әдісі. Аталған әдістерден диссидентантың тыңбылықты теориялық және әдістемелік дайындығы байкалады.</p>

		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды колдану арқылығының зерттеулердің көзінде заманғы әдістері мен деректердің өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) <u>иля</u>; 2) жок</p> <p>8.2 Теориялық корытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>иля</u>; 2) жок</p> <p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған / расталмаған</p> <p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуга <u>жеткілікті</u>/жеткіліксіз</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері компьютерлік технологияларды колдану арқылығының зерттеулердің көзінде заманғы әдістері мен деректердің өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін үлттық мінез негізінде кейіпкердің өзіндік болмысын ашу екенін талдауда пайдаланған.</p> <p>Теориялық корытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған.</p> <p>Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың теориялық және әдіснамалық негізі ретінде үлттық мінез, оның казак әдебиеттану ғылымындағы көрінісі, тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдердегі қазак поэзиясындағы үлттық мінезге көтүсті Х. Досмұхамедов, М. Шокай, М. Әуезов, Қ. Жұбанов, С. Қирабаев, З. Қабдолов, Т. Қекішев, З. Ахметов, Н. Келімбетов, М. Мырзахметұлы, У. Қалижанов, Ф. Есім, А. Ісімақова, Қ. Мәдібай, Г. Піралиева, Б. Ұбырайым, Н. Қенжегараев, Б. Омар, С. Ержанова, С. Мәмет, А. Кодар, Ж. Аймұханбет, М. Кепбаева, М. Балтымова, А. Қаріпжан зерттеулері тәуелсіздік кезеңі әдебиеті жайлы құнды мағлұматтар береді, сонымен бірге, В. Зусман, Н. Сейбель, Ю. Тильман, Л. Миллер, З. Астратян т.б. ғалымдар еңбектеріне негізделген, олардың теориялық тұжырымдары басшылыққа алынған және сілтемелермен расталған.</p> <p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға жеткілікті. Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік авторларды, электрондық дереккөздердің косқанда 167 әдебиет көзі қолданылған және барлығына сілтемелер диссертациялық жұмыстарды ресімдеуге арналған талаптарға сай көрсетілген.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың дәлелдемелері визуалды акпаратпен толықтырылған.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) <u>иля</u>; 2) жок</p> <p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада колдану мүмкіндігі</p>	<p>Диссертациялық жұмыс барысында жасалған теориялық тұжырымдар мен пайымдаулар қазак поэзиясындағы үлттық мінез, әдебиеттану ғылымы салаларының ғылыми-теориялық негіздеріне маңызды және аталған ғылым салаларының теориялық мәселелерінің фундаменталды дамуына үлесін косады (5, 39, 55 беттер).</p> <p>Диссертациялық жұмыстың әдебиеттану ғылымына кіріспе, қазіргі қазак әдебиеті, фольклористика, қазіргі қазак поэзиясы бойынша арнайы курстар</p>

	<p>жоғары:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>иля</u>;</li> <li>2) жоқ</li> </ol> <p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толығымен жаңа</u>;</li> <li>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</li> </ol>	<p>жүргізуде практикалық манызы зор.</p>
10.	<p>Жазу және ресімдеу сапасы:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>жоғары</u>;</li> <li>2) орташа;</li> <li>3) орташадан төмен;</li> <li>4) төмен.</li> </ol>	<p>Диссертацияның академиялық жазу сапасы өте жоғары деңгейде орындалған, ғылыми жұмыс диссертацияға қойылатын талаптарға сай орындалған. Нормативтік сілтемелер, белгілеулер мен қыскартулар, аныктамалар талапқа сай жүйелі жасалған.</p> <p>О.Қ.Сұлтанғалиеваның диссертациялық жұмысындағы барлық нәтижелер жаңа, өзекті, негізделген және өзара байланысты болып табылады.</p> <p>Тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі қазак поэзиясындағы ұлттық мінезді салыстырмалы аспектіде зерттеудің өзектілігі дау туғызбайды. Өйткені тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі қазак поэзиясындағы ұлттық мінезді түрлерінен ажырату мәселесінде галымдар арасында бірізді пікір жок. Диссидент аталған мәселелерді шешу барысында тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі қазак поэзиясындағы ұлттық мінезді қазак ақын шығармалары негізінде аныктап, оларға салыстырмалы талдау үлгісін жасаған.</p> <p>Тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі қазак поэзиясындағы ұлттық мінезді салыстыра талдауы диссиденттың әртүрлі акпаратпен жұмыс істей білетіндігін, өзгелердің идеяларын түсініп, оны қабылдай алатындығын, өз идеясын айтып, оны негіздей білетіндігін аңғартады, кәсіби біліктілігін көрсетеді.</p>

Ресми рецензент төмендегі шешімді қабылдады:

- 1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация макалалар сериясы нысанында коргалған жағдайлардан баска);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

Сұлтанғалиева Ольга Қашымқызының «6D020500 – Филология» мамандығы бойынша «Тәуелсіздіктен кейінгі кезеңдегі қазак поэзиясындағы ұлттық мінезді» атты диссертациясына он пікірімді бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Рецензент:

Әл-Фараби атындағы

Қазақ Ұлттық университетінің профессоры,  
филология ғылымдарының докторы

27.11.2023



С.Б.Ержанова

